

## Алушылардың жекелеген санаттары үшін атаулы күндер мен мереке күндеріне әлеуметтік көмектің мөлшерлерін белгілеу туралы

### *Күшін жойған*

Павлодар облысы Павлодар аудандық мәслихатының 2014 жылғы 25 сәуірдегі № 32/242 шешімі. Павлодар облысының Әділет департаментінде 2014 жылғы 30 сәуірде № 3780 болып тіркелді. Күші жойылды - Павлодар облысы Павлодар аудандық мәслихатының 2020 жылғы 23 желтоқсандағы № 78/366 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) шешімімен

**Ескерту. Күші жойылды - Павлодар облысы Павлодар аудандық мәслихатының 23.12.2020 № 78/366 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) шешімімен.**

Қазақстан Республикасының "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 6-бабының 2-3-тармағына, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 21 мамырдағы "Әлеуметтік көмек көрсетудің, оның мөлшерлерін белгілеудің және мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындаудың үлгілік қағидаларын бекіту туралы" N 504 қаулысына сәйкес, Павлодар аудандық мәслихаты **ШЕШІМ ЕТЕДІ:**

1. Алушылардың жекелеген санаттары үшін атаулы күндер мен мереке күндеріне әлеуметтік көмектің келесі мөлшерлері белгіленсін:

1 қазан - Халықаралық қарт адамдар күніне:

зейнеткерлік жасқа толған, зейнетақының және (немесе) жәрдемақының ең төмен мөлшерін немесе зейнетақының және (немесе) жәрдемақының ең төмен мөлшерінен төмен алатын тұлғаларға, атап айтқанда:

зейнеткерлік жасқа толған тұлғаларға 1,2 айлық есептік көрсеткіш (одан әрі - АЕК) мөлшерінде;

80 жасқа толған және асқан зейнеткерлерге 2,9 АЕК мөлшерінде;

қазанның екінші жексенбісі – Қазақстан Республикасының Мүгедектер күніне:

он сегіз жасқа дейінгі мүгедек балаларға, бірінші, екінші топтағы мүгедектерге, кәмелетке толмаған балалары бар мүгедек әйелдерге 2,3 АЕК мөлшерінде;

8 Наурыз - Халықаралық әйелдер күніне:

мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек алушылар ішінен төрт және одан да көп кәмелетке толмаған балалары бар әйелдерге 2,4 АЕК мөлшерінде;

9 Мамыр - Жеңіс күніне:

Ұлы Отан соғысына (одан әрі - ҰОС) қатысушылар мен мүгедектеріне 500000 (бес жүз мың) теңге мөлшерінде, сондай-ақ 5 АЕК мөлшерінде азық-түлік жиынтығы;

ҰОС қатысушылар мен мүгедектеріне жеңілдіктер мен кепілдер бойынша теңестірілген адамдарға, атап айтқанда:

екінші дүниежүзілік соғыс кезінде фашистер мен олардың одақтастары құрған концлагерлердің, геттолардың және басқа да еріксіз ұстау орындарының жасы кәмелетке толмаған бұрынғы тұтқындарына 10 АЕК мөлшерінде;

Ауғанстандағы әскері іс-қимылдарға қатысқан адамдарға 50000 (елу мың) теңге мөлшерінде;

Чернобыль атом электростанциясындағы аварияны 50000 (елу мың) теңге мөлшерінде, басқа да радиациялық апаттар мен азаматтық немесе әскери мақсаттағы объектілердегі аварияны жоюға қатысқан, сондай-ақ ядролық сынақтар мен жаттығуларға тікелей қатысқан адамдарға 10 АЕК мөлшерінде;

ҰОС қатысушылар мен мүгедектеріне жеңілдіктер мен кепілдер бойынша теңестірілген басқа санаттағы адамдар, атап айтқанда:

бұрынғы КСРО қорғау кезінде, әскери қызметтің басқа да міндеттерін (қызмет міндеттерін) атқару кезінде жаралану, контузия алу немесе зақымдану нәтижесінде қаза тапқан (хабар-ошарсыз кеткен) немесе майданда болуына байланысты ауруға шалдығу салдарынан қайтыс болған Ұлы Отан соғысына қатысушылар мен мүгедектерінің отбасыларына 10 АЕК мөлшерінде;

қайтыс болған соғыс мүгедектерінің және соларға теңестірілген мүгедектердің әйелдері (күйеулері), сондай-ақ қайтыс болған соғысқа қатысушылардың, партизандардың, астыртын күрес жүргізген адамдардың, " Ленинградты қорғағаны үшін" медалімен және "Қоршаудағы Ленинград тұрғыны " белгісімен наградталған, жалпы ауруға шалдығудың, еңбек ету кезінде зақым алуының нәтижесінде және басқа себептерге (кұқыққа қайшы келетіндерінен басқаларына) байланысты мүгедек деп танылған азаматтардың екінші рет некеге тұрмаған әйелдеріне (күйеулеріне) 10 АЕК мөлшерінде;

ҰОС жылдарында тылдағы қажырлы еңбегі және мінсіз әскери қызметі үшін бұрынғы КСРО ордендерімен және медальдарымен наградталған адамдарға 10 АЕК мөлшерінде;

1941 жылғы 22 маусымнан 1945 жылғы 9 мамырға дейін 6 айдан кем емес жұмыс істеген (қызмет атқарған) және ҰОС жылдарындағы тылдағы қажырлы еңбегі және мінсіз әскери қызметі үшін бұрынғы КСРО ордендерімен және медальдарымен наградталмаған адамдарға 5 АЕК мөлшерінде.

**Ескерту. 1-тармаққа өзгерістер енгізілді – Павлодар облысы Павлодар аудандық мәслихатының 07.11.2014 № 40/297 (жарияланған күннен кейін**

қолданысқа енгізіледі); 20.02.2015 № 42/327 (алғашқы ресми жарияланған күннен кейін қолданысқа енгізіледі); 21.02.2018 № 28/151 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 18.06.2019 № 55/250 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) шешімдерімен.

2. Осы шешімнің орындалуын бақылау аудандық мәслихаттың әлеуметтік-экономикалық даму және аудан бюджеті мәселелері жөніндегі тұрақты комиссиясына жүктелсін.

3. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күннен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Сессия төрайымы*

*Мәслихат хатшысы*

*"КЕЛІСІЛДІ"*

*Павлодар облысы әкімінің*

*міндетін атқарушы*

*2014 жылғы "18" сәуір*

*Г. Бакжанова*

*Б. Оралов*

*Д. Тұрғанов*